

3) "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу

және пайдалану туралы концессиялық келісім шеңберіндегі мемлекеттің кепілгерлігін беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы "___" _____ қаулысын назарға ала отырып,

"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісінің құрылысын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Бостандық ауданы, 22-ші линия көшесі, 45-үй мекен-жайы бойынша орналасқан "Батыс транзит" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Эмитент) шығарған инфрақұрылымдық облигацияларды ұстаушылардың пайдасына осы Кепілгерлік шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Ұғымдар мен терминдер

1. Осы кепілгерлікте бас әріппен көрсетілген, бірақ осы кепілгерлікте өзгеше айқындалмаған терминдер Концессиялық келісімде айқындалған мәндерге ие болады.

2. Жоба - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Эмитент арасында жасалған Концессиялық келісім шеңберіндегі "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының ж о б а с ы .

3. Қарыз беруші - Жобаны қаржыландыру үшін Эмитент шығарған инфрақұрылымдық облигацияларды сатып алған адам.

"Қарыз беруші" термині өзіне олардың құқықтарына сәйкес кез келген кейінгі құқықтық мирасқорлар мен цессионарийлерді қамтиды.

4. Облигациялық қарыз - Жобаны қаржыландыру үшін инфрақұрылымдық облигацияларды шығару жолымен Эмитент тартқан қарыз.

2. Шарттың мәні

1. Кепілгер Эмитенттің инфрақұрылымдық облигацияларын атаулы құнына тең 18830000000 (он сегіз миллиард сегіз жүз отыз миллион) теңге сомасындағы міндеттемесін және орналастырылған облигацияларға есептелетін сыйақыны (мүдде) орындауға субсидиялық жауапты болады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1584 Қаулысымен.

2. Талаптар Кепілгердің орналасқан жері бойынша өтеу күні басталғаннан кейін (эмиссия анықтамалығында айқындалғандай) 60 (алпыс) күнтізбелік күннен соң болатын күнге дейін кез келген уақытта Кепілгерге тапсырылуы мүмкін. Талапты іс-қимыл мерзімі өтетін күнге дейін берген кезде осы кепілгерлік Кепілгер талапты толық төлегенге дейін (соның ішінде іс-қимыл мерзімі өткен күннен кейін де) күшінде қалады. Қолданылу мерзімі өткен күннен кейін, егер Кепілгерге ешқандай талап

берілмесе, кепілгерліктің қолданылуы аяқталады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.18 N 264 Қаулысымен

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Кепілгер міндеттемелерді орындағаннан кейін Кепілгер облигацияларды ұстаушылардың Өкілінен Эмитентке қойылатын талапты куәландыратын құжаттарды а л у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Кепілгер мыналарға міндетті:

1) облигацияларды ұстаушылар Өкілінің талап етуі бойынша мемлекетке берілетін объектінің құнына сәйкес келетін және осы Шарттың 2-тарауының 1-тармағында көзделген кепілгерлік сомасынан аспайтын Облигациялық қарыздың талаптары бойынша Эмитенттің төлемеген сомасын Қарыз берушіге төлеуге. Бұл ретте Кепілгер осы Кепілгерлік жөніндегі талаптар төленбеген сомаға бір немесе бірнеше рет ұсынылуы мүмкін екендігін мойындайды;

2) Облигациялық қарыздың талаптары бойынша Эмитенттің төлемеген сомасын облигацияларды ұстаушылар Өкілінің талап етуін алғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде кепілгерлік сомасынан аспайтын сома шегінде төлеуге.

3. Облигацияларды ұстаушылар Өкілі мыналарға құқығы бар:

1) Кепілгерден Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын талап етуге;

2) егер Эмитент эмиссия анықтамалығында айқындалған міндеттемені қанағаттандырудан бас тартса немесе купондық сыйақыны төлеу мерзімінде немесе өтеу күні толық орындамаса немесе облигацияларды ұстаушылар Өкілі одан қойылған талапқа орынды мерзімде жауап алмаса, Кепілгерге орындалмаған бөлігінде талап қ о ю ғ а .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.18 N 264 Қаулысымен

4. Облигацияларды ұстаушылар Өкілі мыналарға міндетті:

1) Кепілгерге талап қойылғанға дейін Эмитентке талап қоюға;

2) талаптарды Кепілгерге қойғанға дейін Эмитенттің талаптарын қанағаттандыруға о р ы н д ы ш а р а л а р қ о л д а н у ғ а ;

3) Кепілгер міндеттемелерді орындағаннан кейін Эмитентке талапты куәландыратын құжаттарды Кепілгерге тапсыруға;

4) Осы шартқа Өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы шартқа қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Эмитентке және Кепілгерге Эмитенттің арнайы қызмет көрсету шотында қаражатты шоғырландыру кестесін келісу үшін ұсынуға;

5) ай сайын есептен кейінгі айдың 10-күніне дейін Қаражатты шоғырландыру кестесіне сәйкес Эмитенттің арнайы қызмет көрсету шотында қаражатты

шоғырландыру жөніндегі міндеттемелерін орындауы туралы есепті Кепілгерге беруге.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.13 N 1584 Қаулысымен.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

Шарт заңнама белгілеген тәртіппен оны тіркеген сәттен бастап күшіне енеді және Облигациялық қарыз бен Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

5. Басқа да талаптар

1. Шарт бойынша барлық талаптар, хабарлар мен хабарламалар жазбаша нысанда жасалады және жеткізілетін күні немесе көрсетілген күні (егер осы күн хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болуына байланысты алынды деп саналады.

2. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға, Шартты біржақты өзгертуге және (немесе) толықтыруға жол берілмейді.

3. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда Шарт бойынша барлық міндеттемелер олардың құқықтық мирасқорларына ауысады.

4. Шарттан туындайтын немесе соған байланысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келіссөздері жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

5. Шарт бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данада жасалды.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік деректемелері

Кепілгер:

Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігі

Облигацияларды

ұстаушылар Өкілі:

атынан

Қазақстан Республикасының Үкіметі

010000, Астана қ., Жеңіс даңғ., 11

БИК 195301070 РНН 032200000017

Министрліктер үйі

Қазақстан

Республикасының

Қаржы министрі

